

«Меркі ауданы Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты» КММ Кеңес ауылындағы Биотермиялық шұңқыры үшін қоршаған ортаға әсер етуінің нормативтік құжаттарына рұқсат алу бойынша Ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: *"Меркі ауданы Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты" КММ*

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: *«Меркі ауданы Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты» КММ Кеңес ауылындағы Биотермиялық шұңқыры үшін қоршаған ортаға әсер етуінің нормативтік құжаттарына рұқсат алу бойынша*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы..

Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы»

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері:

Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Кеңес а.о, географиялық координаты 42°989'3878" СЕ 73°50'8477" ШБ

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне катысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Кеңес а.о. Кеңес ауылынан солтүстікке қарай 1 км қашықта орналасқан.

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: *«Меркі ауданы Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты» КММ, Жамбыл облысы, Меркі ауданы Кеңес ауылы, Тайшыманов көшесі, №38, БСН 940240000755, kenes_merke@bk.ru, ndbecology.gov.kz*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

Жобаны орындаушы: «ЭКО-КС» ЖШС, Тараз қ., А.Сухамбаев көшесі, 149 БСН 010940007655 Азимов Қ.Қ, 87262454296, ekoks_taraz@mail.ru

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): *Жамбыл облысы, Меркі ауданы Кеңес а.о., Кеңес ауылы, Тайшыманов көшесі, №38, 18/12/2025 16:00*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қосымша1

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.. *Қосымша2*

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде;

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

«Жамбыл облысы әкімдігінің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ; gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat;

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында: Қосымша 3

Облыстық газет Магнолия №44 (1775) от 12.11.2025

Тараз 24 арналарындағы жүргіртпе жол анықтама исх.№42-95 от 07.11.2025 г

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, Кеңес ауылы, Тайшыманов көшесі, №38, мекенжайы бойынша 2 дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

✓ Қоғамдық тыңдауды қоғамдық тыңдау төрағасы Кеңес аудандық округінің
Әмілі Т. Қосбаев ашты

Қоғамдық тыңдау төрағасы қоғамдық тыңдау хатшысын сайлап, қоғамдық тыңдау регламентін бекітуді ұсынды.

1. Қоғамдық тыңдау хатшысы болып Есімбекова Т.К. сайлауды ұсынды

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" бірағудан,
"қарсы" жоқ, "қалыс қалды" жоқ

2. Қоғамдық тыңдау регламентін бекіту.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" бірағудан,
"қарсы" жоқ, "қалыс қалды" жоқ

Шешімі:


1. Қоғамдық тыңдау хатшысы болып Есімбекова Т.К. сайлау

2. Қоғамдық тыңдау регламентін бекіту.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Бірінші баяндамашы «ЭКО-КС» ЖШС өкілі Есімбекова Г.Қ.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. Қосымша 4



Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25560731001, Дата: 07/11/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25560731001, от 07/11/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Нормативные документы для получения разрешения на воздействие для биотермической ямы села Кенес, в предлагаемую Вами 18/12/2025 16:00, Жамбылская область, Меркенский район, Кенесский с.о., с.Кенес, улица Тайшманова, №38(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Коммунальное государственное учреждение ""Аппарат акима Кенесского сельского округа Меркенского района"" (БИН: 940240000755), +7(700)-000-00-00, kenes_merke@bk.ru, ndbecology.gov.kz






Представитель: Дабылгаева Ж.Б.

Составитель отчета о возможных воздействиях: ТОО "ЭКО-КС"

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қосымша 2

«Меркі ауданы Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты" КММ Кеңес ауылындағы Биотермиялық шұңқыры үшін қоршаған ортаға әсер етуінің нормативтік құжаттарына рұқсат алу бойынша Ашық жиналыстар нысанында өткізілетін қоғамдық тыңдаулар хаттамасының қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Ажилов А.К.	ЖКО-ке' ресес	8777 717 8171	ресес	
2	Ешмембетов Ж.К.	ЖКО-ке' ресес	8777 145 0595	ресес	
3	Керембетов С.К.	ЖКО-ке' ресес	8700 7810198	ресес	
4	Қошқымбетов Д.А.	Ауыл әкімі	8776326888	ресес	
5	Ахатов Л.Р.	ауыл тұрғыны	8705 4902731	ресес	
6	Абдушев Л.Р.	ауыл тұрғыны	8705 8061200	ресес	
7	Аманжолбеков С.	ауыл тұрғыны	8777 1657507	ресес	
8	Қошқымбетов А.	ауыл тұрғыны	87770934027	ресес	

**"Меркі ауданы Кеңес ауылдық округ әкімінің аппараты" КММ
Кеңес ауылындағы Биотермиялық шұңқыры»
Тақырыбындағы баяндама**

Жалпы бөлім

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 58-бабының 2-тармағына, 73-бабының 1-тармағына сәйкес қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидалары бекітілген.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидалары Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушы 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығымен бекітілген.

Бүгінгі қоғамдық тыңдау жоғарыда көрсетілген бұйрықтың 2-тарауындағы Ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдауларды өткізу тәртібінің барлық тармақтарына сәйкес орындалып отыр.

Қоғамдық тыңдаулар – қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Ақпараттық жүйе) ашық жиналыстар өткізу, жария талқылауларын жүргізу арқылы қоршаған ортаны қорғау және Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы мәселелері қозғалатын мемлекеттік және басқарушылық шешімдерді қабылдауға қоғамның қатысу нысандарының бірі;

Қарастырылып отырған нысан (биотермиялық шұңқыр) Жамбыл облысы, Меркі ауданы Кеңес ауылының маңында орналасқан, (066 кварт., 1322 уч.). Кәсіпорынның негізгі қызметі - биологиялық қалдықтарды зарарсыздандыру және жою. Нысанның ауданы -0,04 га құрайды.

Биотермиялық шұңқыр – эпизоотиядан өлген немесе таралуының алдын алу мақсатында сойылған ауыл шаруашылығы және үй жануарларының өлекселерін ұзақ мерзімді сақтауға арналған орын. Бүгінгі таңда адам мен жануарларға тән 200-ге жуық ауру түрі бар. Сондықтан, арнайы талаптарға сай жасалған мал өлексесін көметін биотермиялық шұңқырлар осы індеттердің таралуына тосқауыл болады. Осы аталған аса қауіпті жұқпалы аурулар таралып кетпес үшін, «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығына сәйкес, талапқа сай биотермиялық шұңқырлар салынған. Биотермиялық шұңқыр арнайы жобамен салынады: аумағының биіктігі 2 метрден кем емес кіру қақпасы бар саңылаусыз дуалмен қоршалады. Дуалдың ішкі жағынан тереңдігі 0,8-1,4 метр және ені 1,5 метрден кем емес белдік құрылғысымен қазып алынған топырақтан ор қазылады. Биотермиялық шұңқырлар құрғақ, жерасты сулары тереңде орналасқан және тұрғын үйлерден алшақ жерде салынуы тиіс.

Биотермиялық шұңқыр - мал өлекселерін, жануарлардың мәйіттерін қауіпсіз және тез ыдыратуға арналған құрылғы. Шұңқырдағы термофильді бактериялардың тіршілік ету процесінен 65-70 °С қызып, жылу бөліну есебінен

жануарлар мен био қалдықтардың мәйіттерін залалсыздандыруға және жоюға арналған терең қазылған құрылғы. Мұндай жоғары температура патогенді микроорганизмдерді жойып, ыдырау процесін 35-40 күнде аяқтайды, иіссіз біртекті компост түзеді және көптеген микробтардың тез өлуін қамтамасыз етеді. Термофильді бактериялардың және шіріген микроорганизмдердің әсерінен анаэробты ыдырау нәтижесінде атмосфераға биогаз бөлінеді. Биотермиялық шұңқыр қоршаған ортаға(атмосфералық ауаның ластануына) теріс әсер етпейді. Шұңқыр ылғалға және ыстыққа төзімді материалдардан жасалған типтік жобаларға сәйкес салынған, герметикалық қақпағы және ауа ағынына арналған тесіктері бар. Мал өлекселерінің ыдыраған бөліктерінің жерге түсуіне жол бермеу мақсатында құдықтың түбін және қабырғаларын бетондау көзделеді. Шұңқыр металл қақпақпен жабдықталған.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚР Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 2-қосымшасының 6.4-тармақшасының 6-тармағы 2-бөлімінің 2-бөліміне сәйкес «қоршаған ортаға биологиялық әсер ету, залалсыздандыру, жою жөніндегі операциялар жүргізілетін объектілер» II санаттағы объектілерге жатады.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген «Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарның» 11 Бөлімінің 45 тармағының 4 тармақшасының (шұңқырға көметін мал қорымдары) санитариялық қағидаларына сәйкес нысанның санитарлық қорғау аумағы 1000 метрді құрайды.

Кәсіпорын алаңынан қоршаған ортаның ластануы негізінен мыналарға байланысты:

- био қалдықтардың ыдырауы кезінде атмосфераға ластаушы заттардың шығарылуы;

Барлығы 1451,198 кг мөлшерінде 10 түрлі атау мен ластаушы заттар бөлінеді.

Сумен қамтамасыз ету.

Сумен жабдықтау көзі: шаруашылық-ауыз су, адамдардың күнделікті тұтынуы мен өндірісіне сумен қамтамасыз ету қарастырылмаған.

Нысан су қорғау аймақтары мен жолақтарынан тыс орналасқан.

Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығымен бекітілген қалдықтар сыныптауышына сәйкес жануарлардың өлекселері қауіпті емес қалдықтарға жатады, қалдықтар коды – 02 01 02. Биотермиялық шұңқырдың жұмысы кезінде жануарлар қалдықтары (02 01 02)- жылына 60 тн мөлшерінде қалыптасады деп есептелініп отыр.